

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 11 қазан N 1108. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексінің (Салық кодексі) 258-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында өндірілетін және Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін, Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын акцизделетін тауарларға және құмар ойын бизнесіне арналған акциз ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 137 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 4, 56-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

мынадай жолдар:

"2208\*\* Арақтар және физ. 60 теңге/ 1,7 евро/  
ерекше арақтар көлемі 1 литр 1 литр "

мынадай редакцияда жазылсын:

"2208\*\* Арақтар және физ. 100 теңге/ 1,7 евро/  
ерекше арақтар көлемі 1 литр 1 литр ".

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін күшіне енеді

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*